

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 7201 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 28 маусымдағы № 18 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылдық округі әкімінің 18.06.2021 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылығы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Аққайың ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 25 ақпанынан № 08-07/118 ұсынысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылдық округінің Амангелді ауылы аумағында жылқы арасында ринопневмония ауруына шалдыққан малдар анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданының  
Аралағаш ауылдық округінің әкімі*

*Б. Садвақасов*